

Бекітемін  
Қостанай облысы әкімдігі  
мәдениет басқармасының  
басшысы «Облыстық  
көркемөнерпаздардың халық  
шығармашылығы мен  
кинобейнекор орталығы» КМҚК  
\_\_\_\_\_ Д. Қалқаев  
«06» қазан 2021 ж.

**«Алтын микрофон» Халықаралық  
әншілер байқауына облыстық on-line іріктеу кезеңінің  
ЕРЕЖЕСІ**

**ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ**

2021 жыл, қазан

**ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР**

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы»ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚК.

**БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру;
- өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру;
- шығармашылық байланыстар орнату, ұжымдар мен жетекшілер арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

**БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

- дыбыс тазалығы;
- ырғақты нақты орындау;
- репертуардың күрделілігі;
- орындаушылық шеберлік деңгейі;
- әртістік қабілеті;
- сахна мәдениеті;
- динамикалық реңктерді сақтау және нақты дикция, артикуляция.

**БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ**

- 2021 жылғы облыстық on-line іріктеу кезеңінің қазылар алқасы кәсіби орындаушылар, белгілі музыканттар, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қостанай облысының мәдениет және өнер қайраткерлерінен құралады.

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2021 жылдың облыстық on-line іріктеу кезеңі Қостанай облысында жас таланттарды анықтау, олардың шығармашылық дамуына әрі қарай жан-жақты қолдау көрсету мақсатында өткізіледі. Облыстық on-line іріктеу кезеңі Халықаралық ән байқауына Қостанай облысының делегациясын қалыптастырады;
- облыстық on-line іріктеу кезеңіне Қостанай облысында тұратын 5 жастан 21 жасқа дейінгі (қоса алғанда) төрт жас санаты бойынша жүргізіледі (қоса алғанда): 7-10 жас; 11-13 жас; 14-17 жас; 18-21 жас қатысушылар қабылданады;
- іріктеу on-line тыңдауында қатысушы орындау тілі бойынша шектеусіз эстрадалық жанрдағы қатысушының жасына сәйкес келетін, екі вокалдық шығарманы орындайды.

## ON-LINE БАЙҚАУНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КҰҚЫҒЫ

- байқауда шығарманы «минус» фонограммасымен орындау және аудиожазбалар келесі сандық «тасығыштар» бойынша қабылданады: MD; CD; flash card;
- шығарманы «жанды» аспаптық сүйемелдеуімен немесе өз сүйемелдеуінде орындау;
- вокалдық сүйемелдеуді орындау кезінде үш адамға дейін («бэк-вокал») және хореографиялық топты (8 адамнан артық емес) пайдалану;
- «плюс» фонограммасы бойынша (*негізгі вокалдық партияның оркестрлік фонограммасында жазылған вокалдық унисон*) туындыларды орындауға және «бэк-вокалдық» партиялары бар фонограммаларды пайдалануға тыйым салынады;
- аталған бұзушылықтар қатысушыны байқаудың бағдарламасынан шығару үшін негіз болып табылады.

## ON-LINE ФОРМАТЫНДА ӨТІНІМ БЕРУ ШАРТТАРЫ

- байқау түсірілген бейнематериал бойынша өткізіледі;
- бейне орнатусыз, көлденең қалыпта бір дубль болуы керек;
- байқаудың барлық талаптарына сәйкес бейне жіберу;
- бейне сапасының нашарлығына, фонограмма дыбысына жол берілмейді;
- байқау қорытындысы **30 қазанда** Instagram@culture\_qostanai парақшасында жарияланады.
- байқауға қатысушылардың өтінімдері мен бейнематериалдары **2021 жылдың 25 қазанына дейін** [Altyn-mikrofon@ocsnt.kz](mailto:Altyn-mikrofon@ocsnt.kz) электрондық почтасы және Қостанай қ., Лермонтов к-сі, 15 мекен-жайы бойынша қабылданады тел: 8(7142)56-04-10.